

# ТҮБІ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Егісті мұқыят күту егін шығымдылығын арттыра түседі. Сондықтан колхоз, совхоздардың барлық егіс алаңдарының мұқыят күтілуіне жетісіп, егін шығымдылығын бұрынғыдан да арттыра берейік!

## алудың рі

жұмыста жүрген аниматорлар ара-қарымдастырып өнімділігін арттық қажетті жағдай байланысты. Соң малары мен совхоз арам шөбін отауға бөліп, бұл жұмыстың тағайындалған және артығымен ерек. Айырықша егіннің арам тағайындалған тап-артығымен орын-ерге, егіннің мей-рам қамтамасыз ету.

күтуді ұйымдастыр-сті күтін баптау-ыстарды басқарып,

## Қала кәсіпорындарында

### Сағаттық графикпен жұмыс істейді


Қаладағы нан комбинатының алдыңғы қатарлы цехтары мен бөлімдерінде кәзір сағаттық графикпен жұмыс істеу кең өріс алды. Комбинаттың жұмысшылары және инженер-техниктері сағаттық графикпен жұмыс істеудің жаңа әдістерін өндірісте батыл қолдануда.

Технолог Надежда Бондарцова техникумды жуырда бітірген. Оның диплом жұмысының тақырыбы да «Сағаттық графикті өндірісте пайдалану» болатын. Енді ол техникумда алған білімін өндірісте, тәжірибеде пайдалануды бірінші мақсат етіп қойды.

Надежданың жасаған есебі бойынша комбинатта бірінші болып ашытқылар дайындау цехы жұмысты сағаттық графикпен істеуге көшті. Жаңа әдіспен жұмыс істеудің алғашқы күнінің өзі-ақ игілікті нәтиже көрсетті. Қамыр илеу бөлімі бұрын ашытқының жетіспеуі қалуынан жұмысын жиі-жиі тоқтатуға мәжбүр болушы еді. Алдын ала ойланым жасалған есеп бойынша жұмыс істеу бұл бөлімнің біркелкі тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Сағаттық графикті қолдану нәтижесінде нан пісіру цехы печтердің орта про-

## Біржарым жылдық жемшөп қорын жасайық



Ленин ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелиде қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп дайындау алғашқы күндерден бастап кең өрістетіле жүргізілуде. Колхозда өздігінен жүретін кең алымды шөп машиналары жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: күніне 16 гектардан шөп шауып жүрген машинист И. Бубновтың кең алымды машинасының жұмыс істеп жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн

## Мал шаруашылығы өнімдерін көп дайындау — маңызды міндет

### 1.000 қой қырқылды

Быйылғы жылы Булаев ауданының бірқатар колхоздарында қой қырку жедел жүргізіліп келеді. Өйткені, көп колхоздарда қой электр қайшыларымен қырқылып жатыр. Ауданда мұндай 3 агрегат бар. Олармен график бойынша колхоздарда қой қырқылуда.

«Страна Советов» колхозында бір электр агрегатымен 3 күнде бір мың биязы жүнді қой қырқылды. Өрбір қойдан орта есеппен 2,7 килограмм жүн алынды. Ал, жекелеген қойлардан 5 килограмнан жүн қырқылды. Мұнда қырқылатын өлі 625 қой бар. Электр қайшымен қой қырқуда Фолина, Замерчук және Тамашинская жолдастар үздік еңбек етіп жүр. Жүн қырқылысымен дайындау орындарына жеңілділуде.

«Гигант» және Калинин атындағы колхоздарда да қой қырку ойдағыдай өткізіліп жатыр.

Б. ЖӘКЕНОВ.

## Қызу қарқын

Полудень ауданындағы «Красный Ок-

дай ұйымдастыру үшін, ең алдымен, егін және трактор бригадаларына егісті күту жөнінде нақтылы тапсырмалар тағайындалып, олардың қандай егін алаңын күтуі керек екендігі, қай учаскекті қай кезде күтетіндігі алдын ала белгіленіп, жоспарлануы қажет.

Егісті күту жұмысының ойдағыдай

мыстың үлгілі жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Егісті мұқият күту егін шығымдылығын арттыра түседі. Сондықтан колхоз, совхоздардың барлық егіс алаңдарының мұқият күтілуіне жетісіп, егін шығымдылығын бұрынғыдан да арттыра берейік!

— 00 —

## Мемлекетке тапсырған жүннен миллион сом табыс келтірді

МЕРКЕ, Жамбыл облысы, (ҚазТАГ). Сталин атындағы колхоз — Мерке ауданындағы ең ірі мал шаруашылығы. Оның фермаларында 26 мыңдай қой бар. Бұл қойлардың жартысына жақыны — меринос қойлар. Қазір мұнда көктемгі қой қырку аяқталды. Барлық қой электр агрегаттарымен қыркылды. Дайындау пунктіне ондаған тонна биязы жүн жөнелтілді. Колхоз мемлекетке тапсырған өнімі үшін 1 миллион 119 мың сом табыс келтірді, бұл өткен жылғыдан үш есе артық.

Колхоздың таңдаулы шопандары Бека-

сыл Демесінов, Құрыш Құрымбаев және олардың шәкірттері Қырғызстан ауыл шаруашылығының еңбекшілерімен жарысқа алған міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Олар быйыл әрбір 100 саулықтан 136—140 қозы өсірді. Әр қойдан төрт килограмнан аса жүн қырықты.

Жамбыл атындағы, «Костоған», Киров атындағы колхоздар да көктемгі қой қыркуды ойдағыдай аяқтады. Бұл колхоздар мемлекетке тапсырған жүн үшін әрқайсысы 600 мың сомнан 800 мың сомға дейін табыс келтірді.

## Аудандық партия комитеттері секретарьларының семинары

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Мұнда облыстық партия комитеті шақырған аудандық партия комитеттері секретарьларының онкүндік семинары аяқталды. Семинарға қатысушылар: «БК(б)П — Совет мемлекетінің жетекші және бағыттаушы күші», Сталин жолдастың «Ленинизм негіздері туралы», «Ленинизм мәселелері жайында» деген еңбектері туралы, марксизмді-ленинизмді

насихаттаудың еңбекшілерге тәрбие беру ісіндегі ролі мен маңызы, большевиктік сын мен өзара сын, кадрларды іріктеп алу, тәрбиелеу және жұмысқа орналастыру, партия ұйымдарының жас коммунистер арасындағы жұмысы туралы және тағы басқа тақырыптарда лекциялар тындады.

## ҚҰРОРТТАР МЕН САНАТОРИЙЛЕРГЕ БАРУДА

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Мерке қант заводының таңдаулы стахановшылары — агроном-нұсқаушы Антонина Нодель, металлшылар Гүлім Уәлижанов, Самык Сейсенбаев және басқалары кәсіподақ ұйымынан жолдама алып, Ессентукиге демалуға жүріп кетті. Заводтың ондаған жұмысшылары мен қызметшілері быйыл

өзінің демалысын Қырымның, Кавказдың, Қазақстан мен Қырғызстанның курорттары мен санаторийлерінде өткізді. Жазғы маусымның аяғына дейін кәсіпорнының тағы да көптеген өндіріс озаттары, инженерлері, техниктері курорттар мен санаторийлерде болады.

аса мемлекет қаржысын үнемдеді.

Теміржолшылардың Бүкілодақтық мерекесі күні қарсаңындағы социалистік жарысқа бұл резервтің барлық жұмысшылары қатысып отыр. Олардың әрқайсысы алған социалистік міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруда. Қазірдің өзінде 2 поезд бригадасына жолаушыларды үлгілі қамту бригадасы деген атақ берілді.

Соңғы кезде Петропавл — Павлодар поезында жұмыс істейтін проводниктер коллективі игі табыстарға ие болды. Бұл составтың вагондарды жөндеуге ағытпастан жүрген жолы 100 мың километрге жетті.

Қазір резервте жұмыс көрсеткіштері бұдан гөрі жақсарта түсу жолындағы жарыс мейлінше өрістей түсуде.

П. ОСИПОВ.

совхоздарда пішен жыйнауы және шөп сүрлеуді өткізу шаралары туралы» қаулысына және Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің быйылғы жылы мал азығының кемінде біржарым, екі жылдық қорын жасау жөніндегі үндеуіне байланысты шөпті неғұрлым мол шабу және оны тез жыйнау жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Әрбір пішенші колхозшы өзінің бұл міндеттемесін қазірден бастап мінсіз орындай бастады. Бұл жөнінде Б. Қымышбаев жө-

сыяқты колхозгерге жетті.

Мұндай өңдеу де бар. Нығқова жолдастырнауышым тапсырманы Күндік норманың дағдылы лауда Б. Аялдер стахановтіп жүр.


## ЧИСТОВ СОВХОЗЫНДА

Чистов совхозының бөлімшелері шөп шабуға ұйымшылдықпен кірісті. Шөп машиналары толық қуатымен жұмыс істей бастады.

№ 3 бөлімшеде 3 ат машинасымен 2 күн ішінде 25 гектар алаңның шөбі ша-

былды. Машинисттер жолдастық сменада қысқа шапты. Бөлімшеде жыйналығашқы күні

## Коммунизмнің ұлы құр



СУРЕТТЕ: 1. Еділ-Дон каналы. Ростовтан Цимлянск портына дейін тұңғыш сапар шеккен «Цимлянск теңізіндегі «Кривская» пристані үшін дебаркадер сүйреп бара жатқан кезі, 2. Еділ-Дон каналы, 3. Цимлянск теңізі.

(СОТА

## МЫСЫ басшылығының ы болсын

басшылар-  
қол сұқпай  
шыларымен  
етік барлық  
те бағыттал  
ң жүзеге  
ізеді.

ылық жасау  
аса жауап  
ұйымы ша-  
мысына ба-  
ана отыра,  
ық жасауға  
бығары за-  
нің негізгі  
сарысты көп  
і.

е жаңашыл-  
озаттарының  
інің негізгі  
іні. Партия  
йынша мез-

қоғамдық  
рады. Сол  
апалы өнім  
ашан жанды  
көмек көр-  
заводтағы  
к өнім сапа  
індеттемеле-

. Атап айта  
ова, Зорин  
ардың мүше  
ақауға жол

ен Григорий  
ғамалары қы  
ның барлық  
ік бағасын

міндеттемелер  
ң өзіндік ба-

Кәсіпорнының жұмысына бақылауды жүзеге асыруда қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар маңызды роль атқарады. Партия ұйымы өзінің баспасөзі арқылы озаттарды кезінде мадақтап, істегі кемшіліктерді, еңбек тәртібін бұзушыларды батыл сынайды. Баспасөз арқылы коллектив арасында сын мен өзара сынды кеңінен өрістетеді.

Жекелеген кәсіпорындарындағы партия ұйымдары өз жұмысына тән емес, екінші кезектегі ұсақ мәселелерді шешумен шұғылданады. Бұл — зиянды практика. Өйткені, шаруашылық басшыларының жауапкершілігін төмендетеді, олар жайбарақаттыққа салынады. Бірқатар артельдерде партия ұйымдары шаруашылық басшыларға шикізат және материалдар әкелу, дайындау жөнінде «көмекшілік» роль атқарады. Сөйтіп, өзінің бұқара арасында жүргізетін негізгі жұмысынан аулақтап кетеді.

Шойын құю-таразы заводның және спирт-арақ комбинатының партия ұйымдары өздеріне БК(б)П Уставы бойынша берілген партиялық бақылау жасау правосын толық пайдаланбай келеді. Мұнда партия жыйналыстары мен партия бюросының мәжілістерінде кәсіпорны басшыларының баяндамаларын тыңдау партиялық бақылау жасау деп есептелінетін көрінеді. Істі алдын-ала тексермей, баяндамашының сөзіне қарай жалпы жұмысқа қорытынды шығарып, қарар қабылдау біржақтылық болып табылатындығы мәлім. Сондықтан да ондай қарарлар көп реттерде шаруашылық қызметкерлердің бұйрықтарына ұқсайды.

Өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстардың дәрежесін күнбе-күн артты-

## Полудень ауданында

Колхоздарды  
радиоландыру

Аудан колхоздарында радио торабының саны жылдан-жылға арта түсуде. Өткен жылдың аяқ шенінде Буденный атындағы колхозда радио торабы салынып, 65 колхозшының үйіне радио точка орнатылған болатын. Бұл радио торабы кәзір тәулігіне 16 сағат жұмыс істейді.

Чкалов атындағы колхозда да радио торабы салынып болып, кәзір колхозшылардың үйлеріне сым тарту үшін бағаналар орнатыла бастады. Сол сыяқты, «Красный Октябрь» колхозында радио торабы салына бастады.

### Колхоз тракторлары

Ауданның Ленин атындағы, Сталин атындағы, Чапаев атындағы, Аманкелді атындағы және Чкалов атындағы колхоздары «ХТЗ» тракторларын сатып алды. Тракторлардың қуаты құрылыстағы, огородтағы, мал фермасындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарға және көмекші шаруашылыққа пайдаланылуда.

Жыл аяғына дейін ауданның тағы да бірнеше колхоздары трактор сатып алмақ.

### Өнімнің жаңа түрі

Аудандық өндіріс комбинатының коллективі үй ішіне керекті әртүрлі әдемі ыдыстар жасап шығаруды меңгерді. Жаңа шығарыла бастаған өнімнің түр-түрін үнемі көбейтіп, сапасы арттырылуда. Балшықтан жасалған әртүрлі әдемі ыдыстарға аудан еңбекшілерінің сұрауы арта түсуде.

### Хирургиялық

#### бөлім

1935 жылы аудан орталығында бір ғана амбулатория болатын. Кәзір мұнда жақсы жабдықталып, маман дәрігерлермен толықтырылған аурухана бар. Аурухананың бөлімшелері мен ондағы койка саны жылдан-жылға арта түсуде.

Үстіміздегі жылы аурухана жанына хирургиялық бөлім ашылды.

## Халықаралық шолу

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ХАЛЫҚТАРЫ  
ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ БОНН  
КЕЛІСІМІНЕ ҚАРСЫ

АҚШ-тың, Англияның және Францияның батыс германиялық кекшіл тобырларымен жасасқан сепараттық соғыс договорын барлық бейбітшілік сүйгіш халықтар империалистердің соғысқа әзірлік жолында жасаған жаңа қадамы деп бағалайды. Германиямен бітім договорына және оның біртұтастығына жол ашатын советтік ұсыныстардың қабылдануы үшін, империалистердің бонн келісіміне қарсы халықтардың кандай мызғымас батылдыкпен күрес жүргізіп отырғандығы күн сайын жаңа фактілермен айқын дәлелденуде.

Неміс халқы Боннда жасалған сепараттық бітімге қарсы шығуда. Демократияшыл баспасөздің атап көрсетуіне қарағанда, Батыс Германияда еңбекшілердің бұл күндердегідей өрістеген жаппай қарсы шығуы бұған дейін болып көрген емес. Батыс германиялық кәсіпорындарда наразылық білдіру демонстрациялары және митингілер мен қатар, ереуілдер де жүріп жатыр. «Нейес Дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, 8 июньге дейін тек Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінің өзінде болған демонстрациялар мен ереуілдерге 700 мыңнан аса адам қатысқан.

Германияның Батысы мен Шығысындағы халық бұқарасын сепараттық соғыс договорына қарсы күреске ұлттық бірлестік идеялары рухтандырады. Жуырда Май недағы Франкфуртте өткізілген «Европадағы бейбітшілікті қорғау қоғамының» батыс германиялық конгресі бірауыздан былай деп мәлімдеген: «Біз, Германияның Батысы мен Шығысындағы немістер, өз тағдырымызды өзіміз шешуге және біртұтас Германиямен бітім договорының жасалуына жетісуге тиіспіз».

Сепараттық договорға қарсы күрес бүкіл неміс халқының ұлттық қарсыласу сипатына айналып барады, бұл күрес бонн

ғының хауіптенуін жаза келіп, газет АҚШ-тың мемлекеттік департаментін батыл сынайды және егер, европалық парламенттер бонн договорын бекітуден бастартса «Америка Ачесонның топастығынан сакталады» деген болжау айтады.

### АЗИЯ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТ ЕЛДЕРІ БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КОНГРЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

Пекинде 3 июньнен 6 июньге дейін Азия және Тынық мұхит елдері бейбітшілікті жақтаушыларының конференциясын шақыру жөнінде дайындық конференциясы өткізілді, оған 20 елдің өкілдері қатысты. Делегаттардың ішінде түрлі әлеуметтік топтардың және мамандықтардың, түрлі саяси көзқарастар мен діни сенімдегі адамдардың өкілдері болды. Бірақ, олардың барлығы да өзара түсінісуге жету үшін ортақ тіл тапты, өйткені, олар өкілі болып табылатын халықтардың бейбітшілік жолындағы пікірі біреу ғана және олар соғыс өртің тұтандырушылардың қылмысты жоспарларын болдырмау жөнінде батылдана түсуде.

Азия елдерінің бірқатарында АҚШ империалистері және олардың агрессия жөніндегі ағылшын- француз сыбайластары тұтатқан соғыс жалынының өрши түсіп отырғаны мәлім. Империалистер қарудың күшімен Вьетнам, Малайяның халықтарына тізе бүктіргісі келеді. Кореяда американдардың кантөгіс интервенциясы екі жылдан бері жүріп жатыр. Американы империалистері соғыстың адам түршігерлік әдістерін қолдануда, адамды қырудың нағыз айуанды құралдарын — химиялық және бактериологиялық қаруларды қолдануда, соғыс тұтқындарына бұрын-соңды естілмеген зұлымдықтар жасауда.

Американ империалистері өздерінің Азия мен Тынық мұхиттағы соғыс авантюралары үшін дүниежүзілік екінші соғыс кезінде

тен астамында кәзірдің өзінде қорытынды сабақтар өткізіліп болды.

А. РАМАЗАНОВ.

лығын коллективтендірудің орасан зор роль атқарғанын толық айтып берді. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру

## Бөлінбейтін қорлар — колхоздың қоғамдық байлығын арттырудың қайнар көзі

Партиямыз бен үкметіміз колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барған сайын өркендете беруге күнбе-күн көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Бұл жөнінде ұсақ колхоздардың ірілендірілуі колхоз өміріндегі жаңа бір белес болды. Бір сөзбен айтқанда, ол — колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетуге, әсіресе, оның қоғамдық байлығын алып алдыммен өркендетуге зор мүмкіншіліктер тугызды.

Ұсақ артельдердің іріленуінен кейін облысымыздың колхоздарының да қоғамдық байлығы арта түсті. Мұны, ең алдымен, колхоздардың бөлінбейтін қорларының өсуінен айқын көруге болады. Мәселен, 1951 жылдың өзінде облыс колхоздарының негізгі қаржысының өсімі 18 миллион сом болды. Осы сияқты, колхоздардың күрделі құрылысқа бөлінетін қаржыларының мөлшері де жылма-жыл артып келеді. Өткен жылы күрделі құрылысқа бөлінетін қаржы 1950 жылы күрделі құрылысқа бөлінген қаржыдан екі есе артық болды. Мұның өзі колхоздардың негізгі қорларын көбейтуге қолайлы жағдай тугызды.

Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозын (председателі Бержатый жолдас) мысалға алайық. Бұл колхоздың басшылары шаруашылыққа жеткілікті басшылық жасау арқылы колхоздың ақшадай қаржысының еселеп артуын қамтамасыз етіп отыр. Аталған колхоздың негізгі қаржылары 1951 жылы 459 мың сом көбейді. Мұнымен бірге, колхоз бұл жы-

лы күрделі құрылыс үшін өз есебіне банкке 260 мың сом ақша өткізді.

Күрделі құрылысқа бөлінетін қаржының артуына байланысты колхозда құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізіле бастады. Мысалы, өткен жылы мұнда күрделі құрылыс қаржысының есебінен 100 ірі мал сыятын үлгілі қора, бір бұзау қора салынды және радиоторабы орнатылды, 27 мың сомға кірпіш соғатын агрегат, 8,5 мың сомға сыйыр сауатын агрегат, бір автомашина, 25 арба және басқа бірнеше құрал-жабдықтар сатып алды. Сол сияқты, мал фермаларында еңбекті көп керек ететін күрделі жұмыстар механикаландырылды. Мал қыстату кезінде малға су, шөп механика күшімен берілетін болды. Колхоз үстіміздегі жылы күрделі құрылысқа 110 мың сом қаржы бөлді.

Осы сияқты, күрделі құрылысқа қаржыны Преснов ауданының колхоздары да көптеп бөледі. Олар да күрделі құрылысқа бөлінетін қаржыны көбейту нәтижесінде құрылыс жұмыстарын кешінен жүргізіп, қоғамдық шаруашылықты жан-жақты өркендетуге зор мүмкіндік алып келеді.

Алайда, облыс колхоздарында негізгі қаржыларды, оның ішінде бөлінбейтін қорларды, күрделі құрылыс қаржыларын арттыру ісі әлі өз дәрежесінде емес. Көп шаруашылықтарда колхоздың қоғамдық байлығының қайнар көзі — қаржы кірісін молайту үшін жеткілікті күрес жүргізілмейді, бұл қаржылар көп реттерде кіріс-

шынға сметасына сәйкес жұмсалмайды. Көп реттерде негізгі қаржылар банкке өткізілмей, жергілікті жердің өзінде әртүрлі ұсақ қажеттерге жұмсалады. Сөйтіп, күрделі құрылысқа қаржы өте аз бөлінеді немесе мүлдем бөлінбейді. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Совет ауданындағы «Игілік», Молотов атындағы, Аманкелді атындағы, Приешім ауданындағы Аманкелді атындағы және Октябрь ауданындағы Степан Разин атындағы колхоздарды қосуға болады. Бұл колхоздар 1951 жылы банкке күрделі құрылыс үшін бірде-бір сом ақшадай қаржы өткізген жоқ.

Ал, шынына келсек, өткен жылы бұл колхоздардың қай-қайсында болсын керекті мөлшерде ақшадай қаржы болды. Бірақ, олар бұл қаржыны банкке өткізбей жергілікті жердің өзінде болмашы қажеттерге жұмсады. Мәселен, Октябрь ауданының Сталин атындағы колхозының 1951 жылғы ақшадай табысы 225 мың сом болса, оның 3 мың сомы ғана банк арқылы күрделі құрылыстарға жұмсалды. Сол сияқты, осы ауданның «Қызыл ту» колхозы 78 мың сом ақшадай кірісінің 1200 сомын ғана күрделі құрылысқа бөлді. Мұндай жағдай бұл ауданның басқа да бірнеше колхоздарынан кездеседі. Осының салдарынан ауданда бөлінбейтін қорлар жыйнау ісі мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Өткен жылы мұнда бөлінбейтін қорға тиісті ақшаның төрттен бірі ғана бөлінді.

Бөлінбейтін қорларды жыйнау, әсіресе, күрделі құрылысқа қаржы бөлу Совет, Полудень және Мамлют аудандарында да ойдағыдай емес. Полудень ауданының Париж Коммунасы атындағы колхозында күрделі құрылысқа бөлінген қаржының жет-

жел дірменін, 4 сортровка, Молотов атындағы колхоз 10 шөп машинасын және 10 ат тырнаушыны алды.

Қ. АЙТҚҰЛОВ.

кіліксіз болуы салдарынан электр станциясын салу жұмысы ұзаққа созылып отыр. Банкте күрделі құрылысқа бөлінген ақшадай қаржысы болмағандықтан электр станциясын және басқа да күрделі құрылыстар салу Мамлют ауданындағы Сталин атындағы, «Большевик» және «Индустрия» колхоздарында да кенже қалып қойды. Мұның басты себебі — бұл колхоздарда да қаржы банкке өткізілмейді де, басқа шаруашылық мақсаттарға жұмсалып кетеді.

Колхоздың бөлінбейтін қорларын үздіксіз молайтып отыруда және ол қаржыларды өндіріске тиімді пайдалану ісінде ақшадай қаржыны банк арқылы жұмсаудың зор маңызы бар. Олай болса, колхоз басшылары колхоздың бөлінбейтін қорларын үздіксіз молайтуды қамтамасыз етумен бірге, ол қорларды деркесінде өз есебіне банкке өткізіп, банк арқылы әртүрлі қажеттерге, әсіресе, күрделі құрылысқа жұмсауды қамтамасыз етулері керек.

Сонымен қатар, колхоздардың бөлінбейтін қорларының ауылшаруашылық артелінің Уставына сәйкес тек қана күрделі құрылыс сияқты маңызды қажеттерге пайдаланылуына, оның басқа мақсаттарға жұмсалмауына қатаң бақылау жасау қажет.

Колхоз басшылары колхозды көп салалы шаруашылыққа айналдыру жолында бөлінбейтін қорларды барған сайын молайта беруге, ол үшін ауылшаруашылық артелінің сталиндік Уставы ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Н. АНУФРИЕВ.

облыстық ауылшаруашылық банкінің кредит секторының бастығы.

«Ударник» газеті кең одақтары өзінің жанынан қарар қатыс мемлекеттердіңінде сепараттықғы, бұл әрекеттеркіл дүние жүзінде туғызатындығы ба жазды.

Сепараттық бонропалық елдерде АҚШ-тың қалың туғызуда. Вашингтгеральд» газеті бадым» деп атайды

ССРО Жоғарғы Георгий Николаев ССРО-ның Велико және Полномочие босатып, оны ССР Штаттарындағы Т мочиелі Елшісі е

### «УДАРНИК»

Бүгін және күн «БАТІ Сеанстар сағат

«Главкинопроп Қазақстан облысы экрандары жаңа «Батыс афильмін (орыс және «Шопеннің поляк фильмін (рылған) көрсет

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табы